Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Ең жақсы сөз <i>Н.Жанаев</i> Ең жақсы сөз – Ана, Ең жақсы сөз – Бала. Өсіп жатса бала, Ана оған пана. Аман болсын Ана, Аман болсын Бала. (сөйлеуді дамыту)	Балаларды орталықтарға бөлу. Балалар қалауы бойынша еркін тақырыпта шығармашылық жұмыстармен айналысуға мүмкіндік беру. (жапсыру)	Қағаздан құрастырылған гүлдердің түрлерімен таныстыру . Орталықтарға бөлініп ұнаған гүлмен шығармашылық жұмыстарын жасату. Таңдауы бойынша сурет	Кітаптар қарату, өздері білетін ертегілерді сахналату. «Жеті лақ» ертегісіндегі ананың рөлі туралы әңгімелесу. Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру.	

	Балаларды екі орталыққа қалаулары бойынша бөлу. Аналарына арналған білезік жасату. (мүсіндеу) Аналарға арналған ашық хатты безендіруін ұйымдастыру. (жапсыру) Ертеңгілікте айтатын әндерін билерін қайталату. (музыка)	(сурет салу) (мүсіндеу)	салу жапсыру немесе мүсіндеуді, құрастыру орындату	(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Баларады орталықтарға бөлу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Еркін тақырыпта жұмыс жасату (жапсыру) (сурет салу)	
Балалармен жеке жұмыс	Абдиразак Каусар Бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелерді айтуға талпындыру.		Кемельбек Дария Тәулік бөліктерін ажыратуға, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін үйрету:	Нұрсұлтанқызы Томирис Жолда жүру ережелерін, қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін сақтауға үйрету.	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	1.Көкемнің алғашқы белгілерін бақылау Мақсаты: жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту; (коммуникативтік, зерттеу қызметі) 2. Қимылды ойын «Бәйге» Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке	1. Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау Мақсаты:жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру. Жұмбақ жасыру Ақ киімді біреуі, Сары киімді біреуі, Кәк киімді біреуі, Әлем, жәлем киімі, Тағы бірі жүреді. (жылдың тәрт	1.Күнді бақылау Мақсаты: Күннің ызғарын, суық немесе жылы екенін бақылау (танымдық қызмет) 2. «Тәбеде доп қуу» қимылды ойыны Мақсаты:Шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету. (ойын, қозғалыс	1.Күн — жылу мен жарық кәзі Мақсаты:күннің жарық және жылу кәзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру, ойлау, талқылау, дәлелдеу Дағдыларын дамыту, табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. (танымдық, коммуникативтік	

	жаттықтыру, қозғалыстарын қалыптастыру (ойын, қозғалыс қызметі) 3.Еңбек Ересектерге көмек көрсетеді, олардың еңбек нәтижелеріне ұқыпты қарайды. (еңбек қызметі) 4.Жеке жұмыс дене шыны қтыру бойынша Жаттығу ойындары Мақсаты: сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру. (қозғалыс қызметі) 5.Еркін ойындар	мезгілі) (коммуникативтік, танымдық қызмет) 2. Қимылды ойын «Қуып жет». Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру (ойын, қозғалыс қызметі) 3.Еңбек: Ойын алаңындағы қоқыстарды жинау. Мақсаты:орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. (еңбек қызметі) 4.Жеке жұмыс Математика негіздері бойынша Мақсаты: заттардыкөлемібойы ншатоптастыру. (ойын, танымдық, коммуникативтікқ ызмет) 5.Еркін ойындар	қызметі) 3.Еңбек: Ойнаған ойыншықтарын жинау. (еңбек қызметі) 4. Жеке жұмыс математика негіздері бойынша Мақсаты: заттарды көлемі бойынша топтастыру. (ойын, танымдық, коммуникативті к қызмет) 5.Еркін ойындар	қызмет) 2. Қимылды ойын:«Өрт сәндірушілер жаттығуда» Мақсаты: қабырғаға Өрмелеуге жаттықтыру (ойын, қозғалыс қызметі) 3.Еңбек Алаңды тазалауға кішкентайларға көмектесу. Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кішкентайларға кәмекке келуге тәрбиелеу (еңбек қызметі) 4. Жеке жұмыс Қоршаған ортамен таныстыру бойынша Психологиялық жаттығу: «Күншуақ» Мақсаты: Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну Зерттеу жұмысы: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою (қозғалыс	
--	---	--	--	--	--

				қызметі) 5.Еркін ойындар	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналарға кеңес:Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Кешкі ертегі, балалар қалауымен Бала өмірдегі отбасының маңызы туралы әңгімелесу	Психологтың кеңесі:Егер ата аналары дүкенне ойыншық әпермеген жағдайда,өзін қалай ұстау қажет.	Балалардың балабақшаға кешікпей келуі туралы ата-аналарға ескерту.	

Тексерілді: 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Жаңа-Теріс» бөбекжай бақшасы
Топ/ сынып - «Көгершін» ересек тобы
Балалардың жасы- 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз2024 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 11.03.2024ж	Сейсенбі 12.03.2024ж	Сәрсенбі 13.03.2024ж	Бейсенбі 14.03.2024ж	Жұма 15.03.2024ж
Балаларды қабылдау	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Достарым әнімен қарсы алу	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Үш түрлі смайликпен қарсы алу	Балалық шақ күйімен қарсы алу
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу

өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,	Үстел үсті ойыны – пазл: «Киіз үй» Құрастыру әрекеті	Балалармен «көктем бейнесі» туралы әңгімелесу. Коммуникативтік дағдылар	Үстел үсті ойыны – пазл: «Киіз үй» Құрастыру әрекеті	Дид ойын: «Қимылын көрсет» Физикалық қасиеттерді дамыту	Дидактикалық ойын: «Не артық?» Коммуникативтік дағдылар
бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету	Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.	Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту	Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.	Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Музыка «Ән саламыз» Міндеті : Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану Тақырыбы: «Қызықты математика» әлемі Міндеті : Тәулік	Дене шынықтыру . Ұлттық ойын «Қол күрес» Міндеті : Шымырлықпен ептілікке үйрету. «Салат» саусақ ойыны Сәлемдесу.Сапқа тұру. 1.Жалпы дамыту жаттығулары 2.Бас пен мойынға арналған аттығуларды орындау	Музыка «Наурыз» Міндеті : Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. «Шаршы құрастыр» Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға	Қазақ тілі Міндеті : Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі нтонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.	Дене шынықтыру Ұлттық ойын «Түйе жарыс» Міндеті : Дене тәрбиесі Тақырыбы:Бір орыннан ұзындыққа секіру. Міндеті : Бір орнынан ұзындыққа (шамамен 70см) секірудіүйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын орындай білуге,тәзімділікке тәрбиелеу. Сәлемдесу.Сапқа тұру. 1.Жалпы дамыту жаттығулары

	бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Отбасының гүліміз Көңілді өтер күніміз «Қайырлы таң»-деп айтамыз Бір болып,кеште қайтамыз (көркем әдебиет) «Қызықты	3.Қол мен иыққа арналған жаттығуларды орындау 4.Бел мен аяққа арналған жаттығуларды орындау 5.Негізгі қимыл жаттығулары; 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру Тыныс алу жаттығулары	үйрету. Дене шынықтыру Ұлттық ойын: «Қанталапай» Міндеті :Балаларды ұлттық ойындарды ойнауға дағдыландыру.Дидактикалық ойын «Сандар тізбегі» Мақсаты: Сандарды тура және кері санай білуге үйрету		2.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығу: 3.Дене бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. Негізгі қимыл жаттығулары;Бір орыннан ұзындыққа секіру. Тыныс алу жаттығулары: Жарайсындар,балалар енді ойын ойнайық.
	математика еліне саяхат» «Поезд» тіл ұстарту жаттығуы Пыш,пыш,пыш біз кеттік Жүрісті біз үдеттік Гу,гу,гу,гуілде Қалып қойма бірінде Қане балалар тоқтайық пыш-ш-ш (қазақ тілі) 1-тапсырма Жұмбақтар шешу: 1.Ұйқымыздан тұрамыз,беті қолды уамыз,бақшамызға келеміз, Бұл қай кезде болады?	Ғажайып қорапшадан қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері шығарып. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын атып беруді үйрету. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерін тағып көру. (қоршаған ортамен танысу) Дайын әшекей бейнелерін бояту (сурет салу)	Қамшымен таныстыру. Бөліктерін атау, тану. Оны кеңстікте орналастыру арқылы анықтау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін естеріне түсіру. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Киіз үй бенсін дұрыс орналастырып жапсырту. (жапсыру)	Киіз үй туралы не білетіндерін сұрау. Халық мақалдарын айтқызу. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл. Әдептілік белгісі –иіліп сәлем бергені. Өкені көріп ұл өсер, Ананы көріп қыз өсер. Бірлікбар жерде – тірлік бар. (сөйлеуді дамыту) Киіз үйдегі тұрмыстық заттарды атау. Олардың қызметі туралы әңгімелеп, көрсету. Олардың суретін салғызу. (қоршаған ортамен танысу, сурет салу)

	(таңертең) 2. Біз тәртіпті боламыз, сабақты оқимыз, Серуенге шығамыз, қыдырамыз -Бұл қай кезде болады? (күндіз) 3. Күн батады қызарып, анамызды күтеміз. Бұл қай кезде болады? (кеш) 4. Үйлердешам қызарып, демалады әлемдеп әлдилеп әжем ертегі оқиды Бұл қай кезде болады? (Түнде) 2-тапсырма Пішіндерді еске түсірейік Қабырғаларын санау, түстерін атау. 3-тапсырма Д. ойын: «Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр» (математика негіздері, құрастыру)		белгілеуді жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (математика негіздері) «Қара жорға» әнін айтқызу, би қимылдарын қамшы мен жасату. (музыка)		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Бақылау. Құстарды бақылау. Мақсаты: сауысқан, торғай, қарғаның қимылы-	1. Қайың ағашын бақылау Мақсаты: қайың ағашы туралы,	1. Бұлттарды бақылау Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің	1. Шырша ағашын бақылау Мақсаты: — Қаламызда өсетін	1. Су тамшыларын бақылау Мақсаты: — температураға

	қозғалыстарындағы өзгешеліктерді байқауға және айтуға үйрету. т.б Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық» , «Ақ серек, көк серек» «Ұшты-ұшты» Жеке жұмыс. 4-5 баланы көздеп түсіруге жаттықтыру. Еңбек.Телімді жинастыру. Жұмбақ жасыру. Қайталап атымды, Көктемде ән саламын. Кез келген ұяға Жұмыртқа саламын. (көкек) Ұшқаны қызық жалпылдап, өзі сондай қарқылдақ. (қарға) Еркін ойын	ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. Көркем сөз «Жас шыбық» А. Мендібай Көшетін әкеп қайыңның, Отырғыздым аулаға. Жіп-жіңішке жас шыбық, Өспейді деп ойлама. Жас шыбық өсіп толады, Әсем қайың болады, Суғарып, күтіп, баптасам. 2.Еңбек Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу. 3.Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты: _ - ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу.	негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. 2.Еңбек Ойын алаңын тазалау Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: бір-біріне соқтықпай жүгіре	ағаштармен таныстыруды жалғастыру — Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру. — Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев Қанша заман өткенімен, Ескірмейтін асыл шырша. Алатаудың көктемімен, Доссың ғой сен, жасыл шырша. Өзгермейсің қыс келсе де, Бояыңды оңдырмайсың. Аяз шымшып, тістесе де, Жапырағыңды тоңдырмайсың. Балаларға сұрақтар: 2.Еңбек: шырша	байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; — зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Мендібай Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ери бастады. Шатырынан әр үйдің, Төмен қарап салбырап, Мұз сүңгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тырс - тырс тамып тамшылар, Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады. 2.Еңбек Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. Мақсаты: кішкентайлар мен
--	--	---	---	---	---

		4.Жеке-жұмыс: Тәрбиешіге ауланы тазалауға көмектесуге баулу 5.Еркін ойын: Балалардың қалауы бойынша ойын ұйымдастыру.	білуді үйрету 4.Жеке-жұмыс: Ойын ережесіне сай қимылдауға үйрету. 5.Еркін ойын: Балалардың қалауы бойынша ойын ұйымдастыру.	ағашының айналасын тазалау. Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру. 3.Қимылды ойын: Доппен ойын. Мақсаты: Қозғалыс координацияларын дамыту. 4.Жеке-жұмыс: Түстерді ажырата білуге дағдыландыру Өлең жолдарын жаттауға үйрету 5. Еркін ойын: Балалардың қалауы бойынша ойын ұйымдастыру.	олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын «Аяғыңды сулама» Мақсаты: Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүгіре білу дағдыларын бекіту 4.Жеке-жұмыс: Сандарды 1-10 дейін тура және кері санай білуге үйрету 5.Еркін ойын: Балалардың қалауы бойынша ойын ұйымдастыру
Серуеннен оралу	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі)				

ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Көктем мезгілі»(сурет қарастыру) Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. (Сөйлеуді дамыту) Ұлттық ойын «Көтермек» Мақсаты:Балаларды күшті болуға, ептелікке баулу. (дене қимыл белсенділігі)	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіруді жалғастыру. (мүсіндеу) Сақина салу ұлттық ойынымен таныстыру. Оның ережелерін айту. Сақина түрлерімен таныстыру. Бірнеше рет ойнату. (көркем әдебиет) Құрылыс материалдарымен еркін ойындар (құрастыру)	Балаларды орталықтарға бөлу. Ер балаларында ермексиздан қамшы мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. (мүсіндеу) Қыз балаларға кілемшені «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз» оюларымен безендіруді үйрету. элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру. (сурет салу) Барлығына «Наурыз» тақпағын жаттату. Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз. Тәтті болып жасалған Наурыз дәмін татамыз. (көркем әдебиет)	Әшекей бұйымдардың суретін салғызу. (сурет салу) Қазақ халқының бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру. (құрастыру) Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату (көркем әдебиет)	Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындарын ойнату. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту (құрастыру) Ермексизбен еркін әрекеттер жасату. (мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс	Жұмабай Аяжан Нұрлан Айару Нұрсұлтанқызы Томирис Сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен тепе-теңдікті	Нұрлан Айару Жұмабай Аяжан Екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.	Жұмабай Аяжан Нұрлан Айару Бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастыруға және желімдеу тәсілдерін үйрету	Жұмабай Аяжан Нұрлан Айару Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға үйрету.	Жұмабай Аяжан Нұрлан Айару Айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге үйрету.

	сақтап, жүруге үйрету.				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Бақылау. Құстарды бақылау. Мақсаты.сауысқан, торғай, қарғаның қимылы-қозғалыстарындағы өзгешеліктерді байқауға және айтуға үйрету. т.б Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық» , «Ақ серек, көк серек» «Ұшты-ұшты» Жеке жұмыс. 4-5 баланы көздеп түсіруге жаттықтыру. Еңбек.Телімді жинастыру. Жұмбақ жасыру. Қайталап атымды, Көктемде ән саламын. Кез келген ұяға Жұмыртқа саламын. (көкек) Ұшқаны қызық жалпылдап, өзі сондай қарқылдақ. (қарға) Еркін ойын	1.Қайың ағашын бақылау Мақсаты: қайың ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. Көркем сөз «Жас шыбық» А. Мендібай Көшетін әкеп қайыңның, Отырғыздым аулаға. Жіп-жіңішке жас шыбық, Өспейді деп ойлама. Жас шыбық өсіп толады, Әсем қайың болады, Суғарып, күтіп, баптасам. 2.Еңбек Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек	1.Бұлттарды бақылау Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. 2.Еңбек Ойын алаңын тазалау Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету.	1.Шырша ағашын бақылау Мақсаты: — Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру — Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру. — Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев Қанша заман өткенімен, Ескірмейтін асыл шырша. Алатаудың көктемімен, Доссың ғой сен, жасыл шырша. Өзгермейсің қыс келсе де,	1.Су тамшыларын бақылау Мақсаты: — температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; — зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Мендібай Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ери бастады. Шатырынан әр үйдің, Төмен қарап салбырап, Мұз сүңгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тырс - тырс тамып тамшылар, Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады.

		етуге баулу. 3.Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты: _ - ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. 4.Жеке-жұмыс: Тәрбиешіге ауланы тазалауға көмектесуге баулу 5.Еркін ойын: Балалардың қалауы бойынша ойын ұйымдастыру.	Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету 4.Жеке-жұмыс: Ойын ережесіне сай қимылдауға үйрету. 5.Еркін ойын: Балалардың қалауы бойынша ойын ұйымдастыру.	Бояынды ондырмайсың. Аяз шымшып, тістесе де, Жапырағыңды тондырмайсың. Балаларға сұрақтар: 2.Еңбек: шырша ағашының айналасын тазалау. Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру. 3.Қимылды ойын: Доппен ойын. Мақсаты: Қозғалыс координацияларын дамыту. 4.Жеке-жұмыс: Түстерді ажырата білуге дағдыландыру Өлең жолдарын жаттауға үйрету 6. Еркін ойын: Балалардың қалауы бойынша ойын ұйымдастыру.	2.Еңбек Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын «Аяғыңды сулама» Мақсаты: Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүгіре білу дағдыларын бекіту 4.Жеке-жұмыс: Сандарды 1-10 дейін тура және кері санай білуге үйрету 5.Еркін ойын: Балалардың қалауы бойынша ойын ұйымдастыру
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				

Балалардың үйге қайтуы		Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.
-------------------------------	--	--	---	--------------------------------------	--

Тексерілді: 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
 Білім беру ұйымы: «Жаңа-Теріс» бөбекжай бақшасы
 Топ/ сынып - «Көгершін» ересек тобы
 Балалардың жасы- 4 жастағы балалар
 Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.03.2024ж	Сейсенбі 19.03.2024ж	Сәрсенбі 20.03.2024 ж	Бейсенбі	
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу	Адай күйімен қарсы алу	Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу		
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау		

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Ертегі кітаптарын қарату, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуына жағдай жасау. (сөйлеуді дамыту) Балаларды орталықтарға бөлу. Оқылған ертегі желісі негізінде көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. (мүсіндеу) Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсырту.	Көктем туралы әнді естеріне түсіріп айтқызу, би билету. (музыка) Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Көктемнің белгілері гүлдерді ермексаздан жасап, қиылған гүлдерді жапсыру. (мүсіндеу және жапсыру)	Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың аналар мерекесіне алған сыйлықтарының суретін салғызу, мүсінін жасауына жағдай жасау. (сурет салу, мүсіндеу) Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруды жетілдіру (құрастыру)		
Ертеңгілік жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу	Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беруді пысықтау. «құс тұмсық», «бота	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіруді жалғастыру		

		мойын», «ботакөз» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру.			
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Музыка Міндеті:Музыка тыңдау: Қазақтың ұлттық аспабы -домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдауға ынталары артады, домбыраның даусын таниды;	Дене шынықтыру Міндеті:Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: өкшемен жүру; 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу; бір орында тұрып, қос аяқпен секіру; заттардың арасымен доптарды бір-біріне домалату; Қимылды ойын: Тышақандар мен мысықтар Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.	Музыка «Сиқырлы әуен» Міндеті:Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп ай-туды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Дене шынықтыру Міндеті:Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: жүру,өкшемен жүру; аяқтың ұшымен жүргізу; 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу; Қимылды ойын: Өз түсінді тап Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.		
	Балабақша ауласына серуен барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемдегі – құстардың ұшып келуі, оларды қоректендірудің қажеттігін түсіндіру. Топқа	Көктем мезгілі туралы фильм көрсету. Көктемде ағаштар бүршік жарып, жапырақ ашып, жеміс ағаштары гүлдейтінін айту. Бірақ бұл құбылыс Қазақстанның әр өңірінде әр түрлі уақытта	Терезеге қарап жаңбырды тамашалату. Жаңбыр туралы не білетіндерін сұрау. Далаға шелектер қойып су жинау, жиналған суды топтағы өсімдіктерге	«Кім шақырды» дид.ойыны Мақсаты:Балалардың жануар мен құстар туралы білімін кеңейту.өз ойын жеткізіп,байланыстыра сөйлеуге үйрету.(Сөйлеуді	

	оралып, жабайы аңдардың суретін көру олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. (қоршаған ортамен танысу) Балалардың кітаптағы құстардың бейнесін өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. (көркем әдебиет) Жеке құстарды және бірдей құстарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салдырту (сурет салу).	болатынын айту. Мысалы Астанаға көктем кеш келеді. Ал Қазақстанның оңтүстігінде өрік ағаштары гүлдеп жатқанын түсіндіру. Терезеге қарап, ағаштарды бақылату. Дәл осы сәттегі ағаштардың бейнесін сурет салып, есімізге сақтап қалайық деп сурет салуды ұсыну. (қоршаған ортамен танысу, сурет салу) «Бақша ағаштары» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізі ойын баларға түсіндіру. (көркем әдебиет)	құйғызу(сөйлеуді дамыту және қоршаған ортамен танысу) Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Күн тәртібі бейнеленген суреттерге ауа райын бақылап, жаңбыр қай кезде жауып тұрса, сол кезде жаңбырдың карточкасын жапсырту. (математика негіздері)	дамыту) Геометриялық фигуралар. Мақсаты: Балаларды пішіндермен (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек) Геометриялық пішіндерді құрастыруды үйрету.Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Бақылау: Табиғат өзгерістерін бақылау. Жел соғады, күннің көзі жылытады, қар ериді. Еңбек: Жолды тазалау. Аула сыпырушының еңбегін бағалау. Қимылды ойын: «Аю мен балалар», «Қолғап» аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. Жеке жұмыс: Көктем туралы өлең, тақпақтар жатқа айту: Сәуір болса, Күн күркірер Күн күркіресе Көк дүркірер. Өзіндік іс – әрекет: үлкен	Бақылау: Көктемгі желді бақылау. Жел соғады бетіме, Тербеледі ағаштар Кіп – кішкене ағаштар Үлкен болып өседі. Еңбек: Қалған қарлардан тау жасауға болатынын көрсету. Еңбектенуге үйрету. Қимылды ойын: «Алып қаш», «Шеңберге түсір» шапшаңдыққа, дәлдікке үйрету. Жеке жұмыс: Саппен дұрыс жүре білуге дағдыландыру. Өзіндік іс – әрекет: жаттығуларды өз еріктерімен орындау.	Бақылау: Көктемгі алғашқы гүлдерді бақылау. Бар табиғат нәр алып, Шыға келер жаңарып Қызғалдақ боп құлпырған Көктем біздің балалық. Еңбек: Еңбектенуге талпындыру. Қимылды ойын: «Қаздар – қаздар», «Торғайлар мен машина» Жеке жұмыс: Тақпақтар айту. Сылдыр – сылдыр тап – таза Мөлдір бұлақ басталды. Өзіндік іс – әрекет: ағаштардың бүршік жарғанын тамашалау. Еркін ойын		

	топтың балалары қардан жолды қалай тазалар екен соны тамашалау Еркін ойын.	Еркін ойын			
Серуеннен оралу	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Кітаптар қарату. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Құстардың мүсінін жасату, қиып жапсыру жұмыстарын орындату (мүсіндеу, жапсыру)	Кітаптарды қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту) Дайын ағаштарға жапырақтар мен гүлдерді ермексازдан жасап, немесе қағаздан қиып жапсыру. (мүсіндеу, жапсыру) Көктем туралы жаттаған әнін айтқызу	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)		

	Конструктордан әр түрлі құрылымдар құрастыру. (Құрастыру)	(музыка)			
Балалармен жеке жұмыс	Алдаберді Сымбат Сағындық Кәусар Мүсіндейтін затты қолына алып, зерттейді оның өзіне тән ерекшеліктерін беруге тырысады:	Аманбек Кәусар Жолда жүру ережелерін, қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін сақтауға үйрету.	Сәбит Ботакөз Аманбек Кәусар Қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатуға талпындыру.		
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Бақылау: Табиғат өзгерістерін бақылау. Жел соғады, күннің көзі жылытады, қар ериді. Еңбек: Жолды тазалау. Аула сыпырушының еңбегін бағалау. Қимылды ойын: «Аю мен балалар», «Қолғап» аңғарымпаздыққа, шапшандыққа баулу. Жеке жұмыс: Көктем туралы өлең, тақпақтар жатқа айту: Сәуір болса, Күн күркірер Күн күркіресе Көк дүркірер. Өзіндік іс – әрекет: үлкен топтың балалары қардан жолды қалай тазалар екен соны тамашалау Еркін ойын.	Бақылау: Көктемгі желді бақылау. Жел соғады бетіме, Тербеледі ағаштар Кіп – кішкене ағаштар Үлкен болып өседі. Еңбек: Қалған қарлардан тау жасауға болатынын көрсету. Еңбектенуге үйрету. Қимылды ойын: «Алып қаш», «Шеңберге түсір» шапшандыққа, дәлдікке үйрету. Жеке жұмыс: Саппен дұрыс жүре білуге дағдыландыру. Өзіндік іс – әрекет: жаттығуларды өз еріктерімен орындау. Еркін ойын	Бақылау: Көктемгі алғашқы гүлдерді бақылау. Бар табиғат нәр алып, Шыға келер жаңарып Қызғалдақ боп құлпырған Көктем біздің балалық. Еңбек: Еңбектенуге талпындыру. Қимылды ойын: «Қаздар – қаздар», «Торғайлар мен машина» Жеке жұмыс: Тақпақтар айту. Сылдыр – сылдыр тап – таза Мөлдір бұлақ басталды. Өзіндік іс – әрекет: ағаштардың бүршік жарғанын тамашалау. Еркін ойын		

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.		

Тексерілді: 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Жаңа-Теріс» бөбекжай бақшасы
Топ/ сынып - «Көгершін» ересек тобы
Балалардың жасы- 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз айы 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.03.2024 ж	Сейсенбі 26.03.2024ж	Сәрсенбі 27.03.2024ж	Бейсенбі 28.03.2024ж	Жұма 29.03.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау.Балаларға тәрбиешінің толық аты-жөнін атап сәлемдесуді үйрету.Балаладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап,сәлемдесуді пысықтау.баланы жеке пікірін білдіруге тарту (Сөйлеуді дамыту) Саусақ театрының кейіпкерлері арқылы қарсы алу Смайлик арқылы қарсы алу Достық тілегімен қарсы алу				
Ата-аналармен	Ата-	Ата-аналармен әңгіме:	Баланың тәртібі мен денсаулығы	Баланың қалай бейімделіп,не	Баланың тілдік дамуы жайлы

немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	жайлы әңгіме	үйреніп жатқаны туралы әңгіме	әңгіме
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)			ойын. Көңілді әуенмен, өлең шумақтарын қайталау Коммуникативтік дағдылар	«Өзім туралы» Өздері туралы айтып береді Коммуникативтік дағдылар	Дид ойын «Сиқырлы күз». Күз мезгіліне табиғи материалдан тәрбиешінің көмегімен күздің көрмесін дайындау Әлеуметтік, танымдық дағдылар
Ертеңгілік жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын ретгілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Дид ойын: "Ненің құйрығы?" Шарты: балалар жануарлардың құйрығын табуларына көмектеседі.	«Үйде кім жоқ?» Мақсаты: Отбасы мүшелерін атауды үйрету.	Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру	Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге үйрету	Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Музыка «Орман тұрғындар мерекесі» Міндеті :	Денешынықтыру. "Жүгіру" Міндеті : 1-1,5 минут Ішінде баяу	Музыка Тақырыбы: «Салт-дәстүрді жаңғыртамыз» Міндеті: Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, естіген әуенді нота	Қазақ тілі «Армысың, өз Наурыз!» Міндеті: Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін	Дене шынықтыру «Еденнен 20–25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан аттап өту.» Міндеті: Сатының тақтайшаларынан аттап жүруде,

	әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. " Кеңістікті бағдарлау» Міндеті : Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға- солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жаластыру.	қарқынмен жүгіруді үйрету. Сапқа тұру. Амандасу. 1.Балалармен шеңбер бойлап жүру,жай жүру, жүрісті жылдамдату,жүрісті баяулата отырып тоқтау.2.Ж. д.жат-ғуын орындау , бас пен мойынға арналған жаттығуларды орындау, қол мен иыққа арналған жаттығуларды орындау, бел мен аяққа арналған жаттығуларды рындау. Негізгі бөлім: "Жүгіру" Баяу қарқынмен жүгіру. . Тыныс алу жаттығулары.	сызықтарына орналастыруға үйрету Музыка тыңдау: : «Ақ сиса» (Жаяу Мұса) Ән айту: «Наурыз – жыл басы». Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Вальс цветов» П.И.Чайковский, Дене шынықтыру Міндеті: «Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен (2 метр қашықтықтан). Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып жүру» Балаларға допты бастан асыра бір қолмен лақтыруды үйрету. Басқа қапты қойып, заттарды аттап өту, бұрылуға үйрету.	бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге үйрету.	аяқтарын жоғары көтеріп, тізелерін бүгуге үйрету.
	"Артқа алға" ойыны. Міндеті: Кеңістікті ажырата білуге үйрету,тапқырлыққа тәрбиелеу. (математика негіздері)	Дидактикалық ойын: "Менің көңіл күйім қандай?» Мақсаты:Қағаз бетіне көңіл күйлерін смайлк арқылы көрсету.	Балаларды орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта Қалауы бойынша кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме	Ғажайып қоржынды көрсету. Ішіндегі ойыншықтарды таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып	Дидактикалық ойын «Ағаштардың дәнін тап» Суреттерде ағаштар және олардың дәндері. Екінші конвертте ағаштар және жемістер. Сәйкесін табуды үйрету. Оларды қалай тануға және ажыртуға болатынын түсіндіру. Бір біріне жасырып ойнауын ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту)

	«Сандық» Міндеті : Балаларға геометриялық пішіндерден әзірленген ою өрнектерді жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Жұмыс барысында қауіпсіздік ережесін сақтай білуге тәрбиелеу.	Көңіл күйлерін бірнеше сөзбен айту. «Табиғат біздің досымыз» Міндеті: Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру (қоршаған орта) "Оюлар" Мақсаты: Ұлттық нақышта сурет салуға үйрету. Киіз үй,оның жабдықтарына ою өрнектерді салуды үйрету. (сурет салу)	кұрастыруына мүмкіндік беру. (көркем әдебиет) Екінші орталықты дербес шығармашылық әрекет. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын айтып беруді пысықтау. (сурет салу).	қалтадан ойыншықтар шығару, балаларға топтан соның жұбын тауып саластыру жағдайын жасату. (математика негіздері) Топты сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету (құрастыру)	Дәндерді 5еуден жинау. Карточкалармен жұмыс жасату. (математика негіздері)
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Ауа райын бақылау. Мақсаты :көктем мезгілінің өзіне тән ерекшелігімен танысу. (Қоршаған ортамен танысу) Еңбек: айналаны таза ұстау.	Маусымдық өзгерістерді бақылау. Мақсаты: Балаларға жаңбыр қайдан және қалай пайда болатынын түсіндіру. Еңбек :Алаңдағы қоқыстарды жинау. Мақсаты	Бақылау: Күнді бақылау. Балаларға күннің қызуын бақылай отырып, сипаттай білу. Күнім – ау, күнім- ау Тұрасың күліп – ау Жылуың шашырап. Еңбек: Ауланы жинау. Балаларды айналаны таза ұстауға, тазалықты сүйе білуге үйрету. Қимылды ойын: «Соқыр	Бақылау: Аспан әлеміне бақылау жасау. Аспан әлеміндегі бұлт, күн, ай, жұлдыздар туралы әңгімелеу. Көгілдір түстің біздің туымызбен бірдей екенін сезіну. Көктемгі көріністі байқау, бұлттың түсін, көлемін анықтау. Еңбек: Ойын	Бақылау: Құстың ұясын бақылау. Тал басында бір отау (Ұя) Балаларды құстың ұясын бұзбауға, оған қамқор болуға , жанашырлық жасауға үйрету. Еңбек: Жыра жүргізу. Күннің көзіне еріп жатқан қарлардан жыра

	Мақсаты :жинақылыққа,басқалар үшін пайдалы әрекет жасауға үйрету. (еңбек әрекеті) Қимылды ойын: «Мені ата» Мақсаты:ымдау және қимыл арқылы жануарлар бейнесін жасау қабілеттерін дамыту. (дене қимыл белсенділігі) Жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру: Ағайынд ы бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары. (жапырақ) Мақсаты:Ойлау қабілеттерін дамыту. (көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша еркін ойындар Мақсаты: Бір-бірімен қарым-қатынасын дамыту (дене қимыл	:Балаларды еңбек сүйгіштікке,бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Керекті құралдар: Қолғап,тырнауыш. Қимылды ойын: "Соқыр теке" Мақсаты: Балаларды ұйымшыл тату ойнауға шақыру,дене бұлшық етін дамыту. (дене қимыл белсенділігі) Жеке жұмыс: Жұмбақ: Терезеге қонады Әсем ою салады. (Аяз) Мақсаты: Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту,сөздік қорын молайту. (көркем әдебиет) Еркін ойындар, балалардың қалаулары бойынша Мақсаты: Бір-бірімен қарым-қатынасын дамыту (қимыл	теке» Мақсаты: балалардың тілін дамыту, ептілікке баулу. Жеке жұмыс: Тіл ұстарту. Ауыл маңын араларда Мысық көрсе анық танып, Дабыл қағар қара қарға Қар – рық Қар – рық, қар – рық... Өзіндік іс – әрекеті: күн туралы тақпақтар жаттату. Еркін ойын	құралдарын тазалау. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұқыптылыққа баулу, өз заттарын таза ұстауға үйрету. Қимылды ойын: «кім бірінші жетеді», «Ине мен жіп». Мақсаты: тапқырлыққа, жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету, ептілікке баулу. Жеке жұмыс: Сан таңбаларын қайталау. Үлкен санға дейін санау таңбасын таба білуге үйрету. Өзіндік іс – әрекет: Бұлттардың қалай қозғалатынын байқау.	арқылы жүргізу. Қимылды ойын: «Тақия тастамақ». Қимыл – іс әрекетін дамыту, аңғарымпаздылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Балалардың тілін дамыту. 1 дегенім – біреу, 2 дегенім – егеу, 3 дегенім – үсік, 4 дегенім – төсек Өзіндік іс – әрекет: құстың ұясын жасап үйрену.
--	--	---	---	--	---

	белсенділігі)	белсенділігін дамыту)			
Серуеннен оралу	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
